



Ғылыми мақала
ХҒТАР 02.41.11



<https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-280-295>

Қазіргі қоғамдағы рухани жатсыну мәселесі: философиялық талдау

Назгуль Болатбекова✉^а, Гүлнар Адаева^а

^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

✉ nazgul.zholamanovna@mail.ru

Андатпа. Мақала қоғамдық сананы жетілдіруге және рухани тұрғыдан толысқан қоғам құруға ықпал ету мақсатында жатсыну тақырыбын философиялық тұрғыдан талқылауға бағытталған. Жатсыну үнемі қоғаммен, адамзатпен бірге жүретін құбылыс болғандықтан, қазіргі таңдағы жаһандану, технологиялық прогресс және әлеуметтік-мәдени саладағы өзгерістер дәуірінде өзекті философиялық мәселе болып табылады. Бұл мәселені кешенді-жүйелі зерделеуге мүмкіндік беретін философиялық талдаудың маңызы зор.

Зерттеуде жатсынулардың ішінде рухани жатсыну күрделі әлеуметтік-философиялық мәселе ретінде зерделенген.

Қазіргі өмірдің жылдам қарқынына байланысты адам өзі өмір сүретін қоғамнан алшақтай бастағандығы белгілі екендігін жеткізеді. Бұл жағдай қажетсіз сезімге, қоршаған ортадан алшақтауға және болмыстың мағынасыздығын сезінуге әкелетіндігін айта отырып, өз кезегінде рухани жатсынудың әртүрлі формаларын тудыратындығын қарастырады.

Жатсыну мәселесі бойынша философияның түрлі кезеңдеріндегі көрнекті өкілдерінің көзқарастары талдана отырып, руханият пен руханилық ұғымының ара-жігін ашу арқылы рухани жатсынуға анықтама берілген. Адам ішкі болмысымен, өзінің руханилығы негізінде өзін-өзі саналы түрде игере алуы маңызды. Қазіргі қоғамдағы жатсыну мәселесі – өзімен және қоршаған ортамен рухани байланысын жоғалту – технологиялық прогресс заманында виртуалды шындық, әлеуметтік медиа және үнемі онлайн режимінде болу иллюзия әлеміне апарып, шынайы өмірден алшақтаудың әсерімен тереңдей түсетіні аксиологиялық талдаулар арқылы айқындалды.

Мақалада рухани жатсынуға ықпал ететін факторларға талдау жасала отырып, алдағы зерттеулерде рухани жатсынуды азайтуға және саналы рухани даму жолдарын құруға бағытталған құндылық стратегиялары мен бағдарламаларын жасауға болатыны тұжырымдалады.

Түйін сөздер: жатсыну; рухани жатсыну; руханилық; қоғам; құндылықтық бағдар; аксиологиялық талдау; жатсыну формалары.

For citation: Bolatbekova N.Zh., Adaeva G.A. The problem of spiritual alienation in modern society: a philosophical analysis. Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2024. №4(149). 280-295. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-280-295>

Для цитирования: Болатбекова Н.Ж., Адаева Г.А. Проблема духовного отчуждения в современном обществе: философский анализ. Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. 2024. №4(149). 280-295. <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2024-149-4-280-295>

Кіріспе

Қазіргі қоғамда біз бұрын-соңды болмаған өркендеу мен технологиялық даму кезеңінде өмір сүріп жатқанымызбен, адамның рухани құндылықтарының маңыздылығына жеткілікті деңгейде назар аудармаудамыз. Сондықтан да қазіргі өркениетті заманымыздың басқа бір қыры жатсыну көріністерінің бар екендігін және болашақта да кездесетіндігін мойындауымыз керек.

Қоғамдағы технологияның қарқынды дамуы, әлеуметтік-мәдени саладағы өзгерістер және қоғамдық өмірдің жеделдетілген қарқынын ескеретін болсақ, зерделейтін тақырыбымыздың өзекті екендігін байқаймыз. Қазіргі әлемде көптеген адамдар өздерін немесе қоршаған ортаны және қоғамды жатсыну сезіміне тап болуда. Демек, бұл мәселені философиялық тұрғыда талдау қоғамның дамуы мен үйлесімді және рухани дамыған ортаны құру үшін маңызды екендігі белгілі.

Мәселенің ғылыми-теориялық талдаулары бойынша философияның ежелгі және қазіргі кезеңдеріндегі көрнекті философия өкілдерінің зерттеулеріне сүйендік. Сонымен бірге, бүгінгі таңдағы философияда өзекті зерттеулер жаһандану, технологиялық прогресс және әлеуметтік-мәдени саладағы өзгерістер дәуіріндегі жатсыну туралы жаңа көзқарастар зерделенетіндігін байқаймыз.

Жатсыну өмірдің әртүрлі салаларында көрініс беруі мүмкін, мысалы саяси, құқықтық, экономикалық, психологиялық және рухани жатсынулар. Бұл адамның өз-өзімен, қоршаған әлеммен және рухани құндылықтармен байланысты жоғалту сезімдері сияқты болып келеді.

Біздің зерделейтініміз, осы жатсынулардың ішіндегі рухани жатсыну мәселесі. Себебі, рухани жатсыну жоғарыда аталаған жатсыну түрлерінің ішіндегі ең маңыздысы. Қоғамның күрделілігі мен құбылмалылығы адамның наразылығын тудырып, оның бойында қоғамға деген жатсыну сезімі пайда болуы мүмкін. Жатсыну мәселесіне тарихи-философиялық талдау жасай отырып, оның қазіргі заман мәнмәтініндегі өзектілігін, рухани жатсыну үрдісінің маңыздылығын байқай аламыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала дайындау барысында жатсыну мәселесін жете талдаған ежелгі және қазіргі кездегі философтардың еңбектері бойынша зерттеулер негізге алынды.

Кешенді-жүйелі талдау негізінде рухани жатсынудың туындауына себепші факторлар және рухани жатсыну формалары мен салдарларына байланысты мәселелер зерделенді.

Философия тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі жатсыну формаларының зерделенуі салыстырмалы талданды.

Қазіргі қоғамдағы жатсыну мәселесі – өзімен және қоршаған әлеммен байланысын жоғалту, рухани құндылықтар мен өмірдің мәнін жоғалту сезімімен байланысты екендігі сипаттамалы және аксиологиялық талдаулар арқылы жүзеге асырылды.

Тарихи-философиялық әдіс арқылы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы рухани жатсыну, руханият ұғымын сабақтастық негізде талдау жүзеге асырылды.

Талқылау

Философия тарихында жатсыну мәселесінің зерделенуі.

Жатсыну мәселесі сонау ежелгі ойшылдардың ілімдерінде қоғам туралы алғаш толғаныстарынан бастау алатындығы мәлім. Айталық, Платонның философиясында жатсыну тақырыбы арнайы қарастырылмаса да, оның еңбектерінен бұл мәселесінің көріністерін байқаймыз. Ойшыл жан мен материя туралы ілімдерінде жан – жоғары идеалды әлем, ал материяны физикалық әлемнің бөлігі деп қарастырды. Бұл бөлінуді біз, жоғары әлем мен материалдық шындық арасындағы «жатсыну» ретінде қарастырамыз.

Платон адамның барлық азаптарының себебін оның жанының ауруынан көрді. Жан адамның мәні екендігін, осы арқылы өзін-өзі басқаруға болатындығын түсінді. «Жан» – бұл өзін-өзі қозғауға қабілетті қозғалыс» (Платон, 2007: 419). «Өйткені, сырттан қозғалатын әрбір дене жансыз, ал іштен, өзінен қозғалатын дене жанды, өйткені бұл жанның табиғаты» деп есептеді (Платон, 2007: 186). Осылайша, жан ауруы өзін-өзі басқаруды жоғалтуға, оны адамнан алшақтатуға байланысты пайда болатындығын байқаймыз. Адамның өзін-өзі жоғалтуы олардың өмірі мен белсенділігін жоғалтып, «жансыз бейнеге» айналуына әкеледі.

Біз физикалық түрде өмір сүретін материалдық әлем өзгерістер мен кемшіліктерге толы әлем екендігі белгілі, онда шынайы өмірді қате қабылдау сезімдері қалыптасады. Осылайша, жан мен материя арасындағы алшақтықтан жатсыну сезімі пайда болуы мүмкін.

Платонның идеялар теориясына сәйкес шындық, тек идеалды форма көрінісі екендігін қарастырады. Идеялар әлемі мен материалдық шындық арасындағы бұл айырмашылық жатсыну сезімін тудыруы мүмкін, өйткені біз платондық тұжырымдама бойынша мына күрделі әлемде идеалды әлемді толық түсінбей өмір сүреміз.

Платон үшін мемлекет – бұл қоғамды ұйымдастырудың идеалды формасы, онда әр адам өзінің қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес өз орнын алады. Ол өзінің «идеалды» мемлекетін құра отырып, ғарыш, мемлекет және адамның жаны арасындағы көрінетін сәйкестікке сүйенеді. Платонның әділеттілік идеясының өзі әділ адам мен әділ мемлекетті бір-біріне қарсы қоймайды, керісінше олардың ұқсастығын көрсетеді.

«Мемлекет» диалогында биліктің шыңында тұратын билеушілер мен түрлі әлеуметтік функцияларға ие қауымдар болады деп таптық қоғам туралы идеяны ұсынған. Мұндай иерархия әлеуметтік жатсынуға әкелуі мүмкін, өйткені ол теңсіздікті және қоғамның әртүрлі құқықтары мен міндеттері бар таптарға бөлінуін болжайды.

Бұл жерде Карл Поппер «Ашық қоғам және оның жаулары» атты еңбегінде Платонның идеяларына, соның ішінде жоғарыда айтылған саяси философиясы жайында пікірлерін келтіре кеткенді жөн көрдік. К. Поппер Платонның жатсынуын тікелей талқыламаса да, оның билікті шектеу, демократияны қолдау туралы идеялары абсолютті шындықты іздеуде бостандықты шектеуге және жеке тұлғаны жатсынуға әкелетін утопиялық мұраттарды сынау аясында қарастырылды (Поппер, 1992: 213). Мысалы, К. Поппер Платонның идеалды білімге ие «философ – патша» идеясына күмән келтіреді. Ол абсолютті шындыққа жетудің белгісіздігі мен мүмкін еместігін көрсетеді. Мемлекеттегі «идеалды мемлекет» идеясын утопиялық ұғым ретінде қарастырып, шынайы өмірде «мінсіз» қоғам құруға қауіпті әрекеттерге әкелуі мүмкін деп санайды. Ол Платонның диалогтарында көрсетілгендей, билік үшін билікке ұмтылудан сақтандырады.

Жалпы, платондық философияда жатсыну формалары ретінде түсіндіруге болатын элементтер бар екендігін байқаймыз. Әсіресе, жан мен материяны, идеалды формалар мен шындықты, сондай-ақ әлеуметтік таптар мен иерархияларды бөлу контекстерінен көрініс алады. Алайда, бұл талдаулар, әлеуметтану мен маркстік философияда дамығандай, жатсынудың қазіргі түсінігімен толықтай сәйкес келмейтінін атап өткен жөн. Г. Гегель зерттеулерінен де Платон сияқты қоғамдық қатынастарды талқылағандығын байқаймыз. Дегенмен, жатсыну ұғымын терең түсіндірген алғашқы теориялық жүйе – гегельдік тұжырымдама деп білеміз.

Г. Гегель жүйесінде жатсыну әлемдік рух қозғалысының барлық кезеңдерінде жүреді. Философия «зиялы мемлекеттің» шыңына айналады, соның арқасында өзін-өзі жатсыну тоқтайды деп есептейді (Гегель, 1933: 262). Өйткені, Г. Гегель философиясында жатсыну процесі өзінің аяқталуын білдіреді. Яғни, адамның мәні – өзін-өзі тануда екендігінде. Адамның санасы үшін ең үлкен бақытсыздық – бұл өзін-өзі тани алмауынан жатсынудың туындауы. Г. Гегель жатсынуды жеңу мәселесінің шешімін өзін-өзі тануға қатысты объективтіліктің күшін жоюдан табады. Теориялық тұрғыдан бұл мүмкін болғанымен, Г. Гегельдің өмірінен кейінгі тарихи оқиғаларда кері процестің бар екеніне көз жеткізе аламыз.

Жатсыну ілімінің дамуына және оның адамзат прогресіндегі рөліне маркстік философия одан әрі үлес қосты. Алдыңғы зерттеулерден айырмашылығы-бірлескен қызмет процесінде адамдар арасындағы қатынастар анықталып, жатсыну қоғамдағы нақты құбылыс ретінде қарастырылады.

К. Маркс «Экономикалық-философиялық қолжазбалар» еңбегінде жатсыну тұжырымдамасын жасағандығын білеміз. Бұл тұжырымдама капитализм жағдайындағы адам тәжірибесін философиялық тұрғыдан түсіну болып табылады. Капитализм кезінде К. Маркс адамның жатсыну күйінің төрт түрін ажыратады: 1) жұмысшының өзі өндірген тауардан жатсынуы; 2) адамның өз болмысын жатсынуы: өйткені «еңбек – бұл жұмысшы үшін сыртқы нәрсе... оның жұмысы ерікті емес, мәжбүрлі... бұл еңбек қажеттіліктерін қанағаттандыру емес, тек басқа қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы» адам өзінің мәнінен – рулық өмірінен алшақтауы: «адамның рулық мәні – табиғатта, оның рухани рулық мұрасы да оған жат, оның жеке өмірін қолдау құралына айналады. Еңбек адамнан өзінің денесін, оның сыртындағы табиғат сияқты, оның рухани болмысын, адамдық

болмысын жатсынады»; 4) адам басқалардан, яғни, қоғам мен мемлекеттен алшақтайды (Маркс, 1955: 42).

Осылайша, капиталистік қоғамдағы бәсекелестік адамдар арасындағы алшақтықты тудыратындығын келтіре отырып, мұндай жатсыну қоғамдық байланыстардың бұзылуына ықпал етеді және сенімсіздік пен араздық атмосферасын тудыратындығын жеткізген болатын.

Қазіргі қоғам мәселесі әлеуметтік философияның ғылыми тұрғыдан негізгі қызығушылық саласын білдіреді, өйткені ол адам өмірінің және бірге өмір сүрудің әртүрлі философиялық және әлеуметтік қырларын қамтиды. Мысалы, жасанды интеллект және биотехнологиялардың дамуы адам табиғатына, бостандығына және оның өмірінің мәніне қалай әсер етіп жатқандығы қазіргі қоғамның көкейтесті мәселелерінің бірі.

Сондықтан да қазіргі қоғам мәселесінің, философиялық зерттеулерде жиі қарастыратын тақырыптары болып табылады. Бұл зерттеулер қазіргі қоғамды талдаудың әртүрлі философиялық тәсілдерін ұсынады, оның алдында тұрған мәселелер мен қиындықтарды талқылайды және оның табиғаты мен тенденцияларын жақсы түсінуге көмектеседі.

Қазақ философтарының ұжымдық монографиясында адамзат қоғамның, техниканың керемет жетістіктері арқылы қоршаған ортаны танып біледі, қабылдайды, бірақ адамның адамшылығы, құндылығы артады ма деген мәселе қояды (Шәукенова: 2016, 46). Расында біз, жан дүниеміздің байлығын емес, тән рахатына басымдық беріп кеткен сияқтымыз. Себебі, қазіргі біздің қоғамда материалдық қажеттіліктер басымдық болып тұрғаны өтірік емес.

Қазақ философиясының көрнекті өкілі Ә. Нысанбаев зерттеулерінде де қарқынды дамып келе жатқан жаһандану үдерісі мемлекет үшін, адамзат қоғамы үшін түрлі қақтығыстар туындатуы мүмкін екендігін айтады. Сонымен бірге, техногендік өркениеттен басқа, адамның дүниетанымдық бағдарына баса назар аудару керек екендігін де жеткізген болатын (Нысанбаев, 2009: 39).

Ғ. Есім өз зерттеулерінде ақпараттық қоғам жағдайындағы жаңа тұрпатты философияның өзегі – ізгілік мәселесін қарастырады (Есім, 2016: 53). Ізгілікке негізделу арқылы ғана біз рухани дүниемізді байыта аламыз, адамның табиғаты мен берілетін білімнің өзара сабақтастығы арқылы ғана меңгереміз. Олай болмаған жағдайда ебелек шөп сияқты тамырымыз тереңге жайылмай ұшып-қонып жүретіндігімізді жеткізеді.

Ұлт руханиятының жанашыры болған А. Сейдімбек қазақ қоғамының ерекшелігін зерттеу арқылы, қазақ халқының этногенезі мен этномәдени байланыстарына талдау жүргізе отырып, құнды философиялық ойларын ұсынған болатын. Қазақ ұлтының рухани, қоғамдық өміріне баса назар аударған. «Жұрт сені танып жатса жақсы, ал, енді өзіңді өзің танымасаң ол үлкен қасірет» (Сейдімбек, 1997: 15) – дей келе өзіңді-өзің тану арқылы, рухани кемелдене отырып, қазақ ұлтының рухани және қоғамдық өміріне үлес қосу керектігін жеткізген еді.

Қазақ философиясының көрнекті өкілдерінің ұжымдық монографиясында: «Жалпы адамзаттық рухтың ой-ұшқырлығын көрсететін әлемдік мәдениет пен ғылыми-танымдық жетістіктерді біріктіруі керек. Осы арқылы біз отандық философияны

әлемдік философияның құрамдас бөлігіне айналдыруымыз қажет. Сонда ғана отандық философия мен дүниежүзілік философияның арасында өзара байланыс орнап, ғылыми-зерттеу мен оқытуды одан әрі өрістетіп, адам санасы мен рухының терең бастауларын айшықтай түседі» – дей келіп (Ұжымдық монография, 2020: 335), әл-Фарабиден бастау алған пәлсафалық ойлар мен даналық әліппелері әлемдік философиямен сабақтастықта талдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Осы негізге сүйене отырып бірнеше қазіргі қоғам философтарының зерттеулеріне де тоқталуды жөн көрдік.

Поляк әлеуметтанушысы болған Зигмунт Бауман өзінің «сұйық заманауи қоғам» теориясында қазіргі дәуірге тән әлеуметтік құбылыстар мен өзгерістерге жаңа көзқарас ұсынады. «Сұйық қоғам» термині қазіргі әлемдегі әлеуметтік құрылымдар мен қатынастар сұйықтыққа ұқсас қозғалмалы, тұрақсыз және құбылмалы бола бастады деген идеядан шыққандығын байқаймыз.

3. Бауманның «сұйық қоғамдағы» негізгі идеясы – отбасы, еңбек қатынастары және қоғамдық институттар сияқты әлеуметтік ұйымның дәстүрлі формалары әлсіз және өзгермелі болатындығында деп есептеуі (Бауман, 2008: 8). Мұндай қоғамдағы адамдар белгісіздік пен тұрақсыздықты сезінеді, бұл Бауманның пікірінше, жатсыну сезімін арттырады. «Сұйық қоғамда» өзгерістердің негізгі драйвері жаһандану, жылдам технологиялық даму және өндіріс пен тұтыну саласындағы өзгерістер болып табылады. Адамдар қарым-қатынаста, мансапта және жеке өмірде үнемі белгісіздікке тап болады, бұл олардың әлеуметтенуіне әсер етеді.

3. Бауман «сұйық қоғам» ұғымын жеке тәжірибеден жаһандық әлеуметтік құрылымдарға дейінгі қазіргі өмірдің әртүрлі аспектілерін талдау үшін қолданады. Осылайша, қоғамдағы адами қатынастар мен жеке тұлғаға әсер ететін күрделі және динамикалық өзгерістерге жаңа көзқарас бергендігін байқаймыз.

Канадалық философ Ч. Тейлор зерттеулерін де қазіргі қоғамдағы мәдени әртүрлілік пен мультикультурализм мәселелерін қарастырғандығы белгілі. Тейлор теориясының негізгі тұжырымдарының бірі – қазіргі әлемдегі дін мен руханияттың рөлі, олардың қоғам мен адам бақытына әсері (Тейлор, 2017: 14). Біздің зерттеу мәселемізде қазіргі қоғамдағы рухани жатсыну болғандықтан, Ч.Тейлордың да қазіргі кездегі діни және зайырлы құрылымдардың өзара әрекеттесуі туралы мәселелерге назар аударғандығын байқаймыз.

Неміс философы Эрнест Блох өзінің маркстік философия контекстінде рухани жатсыну ұғымын талқылай келе, рухани жатсынуды адамның өз болмысынан, басқа адамдардан және қоршаған әлемнен алшақтау сезімін тудыратын процесс ретінде қарастырады. Ол бұл процесті К. Маркс өз жазбаларында сипаттағандай әлеуметтік және экономикалық жағдайлардың салдары ретінде көреді.

Алайда, К. Маркстен айырмашылығы, Э. Блох рухани жатсынуды жағымсыз құбылыс емес деп санайды. Керісінше, ол осы жатсынудан шығудың жолдарын іздейді және өзін-өзі толық тануға қол жеткізеді. Э. Блох өзінің «үміт принципіне» «утопияға тойымсыз ұмтылу» идеясын рухани жатсынудан шығуға әкелетін қозғаушы күш ретінде ұсынады (Блох, 2017: 132). Ол жарқын болашақты іздеуде, идеалдар мен әділеттілікке ұмтылуда адам мағынаны тауып, өзін жатсыну сезімінен босата алады деп санайды.

Осылайша, Э. Блох үшін рухани жатсыну қазіргі қоғамның қажетті аспектісі болып табылады, бірақ оны зұлымдық ретінде көрудің орнына, ол осы жатсынудан арылуға және үйлесімді және саналы өмір сүруге мүмкіндік беретін жарқын болашаққа белсенді ұмтылуға шақырады.

Аталған философтардың зерттеулеріндегі қандай мәселені алып қарасақ та, қоғамның түрлі кезеңдерінде адамның рухани жатсынуына әкелетін ықпалдар бар екендігін байқаймыз.

Жатсыну мәселесін тереңнен қарастырған Ж. Әбділдин өз шығармаларында, «Гегель рух саласындағы жатсынудың қайнар көзін көре білсе, Маркс, керісінше, идеологиялық, психологиялық және кез-келген басқа жатсыну тек материалдық еңбекті жатсынудың салдарынан болатындығын жеткізеді» – деп қарастырады (Әбділдин, 2001: 231).

А.В. Скороденок өзінің зерттеулерінің бірінде М. Кастельс зерттеулеріне сүйене отырып, әлеуметтік-философиялық контексте жатсыну категориясын екі бағытта қарастыруға болады деп тұжырымдайды. Біріншісі – адамның өз еңбегінің өнімінен алшақтайтын марксистік көзқарас. Екінші бағыт – ақпарат дәуіріндегі виртуалды әлемге деген тәуелділік салдарынан қоғамға жатсынуы (Скороденок, 2019: 274).

Сонымен бірге, виртуалды тәуелділікке философиялық талдаулар жасау арқылы жатсыну көріністерін анықтаған зерттеулерді де байқаймыз (Aginova, 2023: 226). Бұл зерттеулерде жеке тұлғаның өзін жоғалтуы, виртуалдық қатынастардың үстемдік деңгейі басым екендігі жеткізіледі.

Ежелгі және қазіргі қоғамдағы жатсыну мәселесінің зерттелу барысын талдай келе, келесі кезекте рухани жатсыну мәселелерін қарастыратын боламыз.

Рухани жатсыну және құндылықтар.

Әдебиеттерге шолу жатсынудың мәні туралы талдау жасауға мүмкіндік берді. Жатсыну – бұл күрделі процесс, нәтижесінде адам өзінің шынайы мәні мен бостандығынан айырылады. Бұл процесс адамды сыртқы күштердің, субъектілердің, процестердің, институттардың және қатынастардың әсер ету объектісіне айналдырып, оны қоғамдағы үстем күштерге бағындырады.

Айта кету керек, жатсынуды түсіндірудің бірнеше тәсілдері бар. Мысалы, әлеуметтік тұрғыда жатсыну адамның қоғамнан өзін-өзі шеттетугі, басқалардан оқшауланып, тұйықталуын білдірсе, медициналық-психологиялық тұрғыда жатсыну психикалық функциялардың бұзылуы ретінде қарастырылады.

Біздің зерттеу нысанымыз әлеуметтік саланың ішіндегі рухани жатсыну мәселесі болғандықтан, ең алдымен руханилық, руханият ұғымы нені білдіреді, талдау жасауға тырыстық.

Ежелгі уақытта «рух» (пневма), «жан» (псюхе) ұғымдары Платон мен неоплатонизм философиясында шешуші рөл атқарды (Платон, 1999: 164). Орта ғасырлардағы діни философияда Киелі кітап идеялары мен аристотельдік немесе неоплатондық ұғымдардың синтезінің әртүрлі формалары болған «рух» және «жан» ұғымдары егжей-тегжейлі даму мен түсінікке ие болды.

Г. Гегель «Рух феноменологиясында»: «бұл рух әлемі екі әлемге бөлінеді: біріншісі-шындық әлемі немесе рухтың жатсыну әлемі, ал екіншісі-рух біріншісінен жоғары

көтеріліп, өзін таза сана эфирінде құратын әлем» – деп қарастырады (Гегель, 2000: 269). Г. Гегель жатсыну көрінісін рухтың даму кезеңі деп қарастырды, дегенмен, ол оны толық емес деп санады, сондықтан рационалистік және идеалистік жол арқылы – өзін-өзі тану процесі арқылы жеңуге болатындығын жеткізеді.

Материалистік дәстүр мен ғылым контекстінде «рух» – бұл жоғары дамыған материя – мидың қызметі, адамның психикалық процестерге негізделген әлемді ерекше түсіну тәжірибесі. Адам мен қоғамның «руханилығы» олардың қоршаған әлемді рухани және практикалық түсінуі негізінде қалыптасады.

Қазіргі философиялық әдебиеттерде руханият қоғам мен қоғамдық топтардың мүдделерін білдіретін әлеуметтік өмірдің құрамдас бөлігі түріндегі қоғамдық сананың қызметі ретінде қарастырылуда. Сонымен бірге қоғамның рухани өмірі рухани қажеттіліктерді, рухани құндылықтарды, қоғамдық сананың жұмыс істеуін ұйымдастыруды қамтитындығы айтылады.

Руханияттың анықтайтын белгісі – адамилық пен әлемдік қатынастардың байланысын, оның осы әлемге әр түрлі формада керемет рефлексия жасай алатындығын және сәйкесінше өзінің практикалық мінез-құлқын құра алатындығын білдіреді. Руханилыққа танымдық деңгей, өзін – өзі тануы, сыртқы әлемді қабылдауы, сезінуі, мақсат қою және ерікті әрекет ете білу қабілеті жатады. Руханилық – жеке сананың ішкі деңгейге өте білу қабілеті. Яғни, руханилық тек сана негізінде пайда бола алмайды, ол адамның өзін – өзі тану негізінде пайда болады.

Әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, қоғам руханиятсыз және қалыпты жұмыс істейтін рухани өмірсіз қалыптасып, дами алмайды.

Руханилық белгілі бір деңгейде құндылықтардың, мақсаттар мен мүдделердің үйлесімділік дәрежесін көрсетеді, бұл адамның рухани дамуының жоғары деңгейін білдіреді және содан кейін ғана әлеуметтік салада байқалады. Жеке адам мен қоғамда бұл күштер арасында көрінбейтін күрес үздіксіз жүреді. Өмірлік маңыздылығы бар құндылықтарды жоғалтудың ең жоғарғы деңгейі қоғам үшін әлеуметтік аномияда және оның қауіпсіздігіне қауіп төндіруде көрінеді.

Қазіргі философиядағы, сондай-ақ басқа да әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы руханият ұғымын екі түсінікте қарастырады. Мысалы, Г.В. Платонов пен А.Д. Косичев зерттеулерінде адам руханиятының қосымша түрлері: қасиетті – діни, зайырлы және ғылыми-синтетикалық деп бөліп қарастырғанын байқаймыз. Олар, «руханият – бұл адамның білімге және басқа адамдарға қызмет етуге деген жоғары ұмтылыстарының көрінісі» – деп қарастырады (Платонов, Косичев, 1998: 16).

Сонымен бірге, қазақ философиясының зерттеулерінде де руханилық және руханият ұғымдарына кең талдау жасалынған. Руханилық әлемге еркін шығармашылық пен моральдық көзқарас арқылы қалыптасады және оның дамуы осы аспектілердің арқасында жүреді, бұл оны адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырады. Сондықтан руханилық – бұл адамның әлемге деген оң көзқарасында көрінетін, түпкілікті мағынаның негіздеріне сәйкес келетін қатынастардың жиынтығы деп айтуға болады. Руханият туралы айтатын болсақ, бұл қоғамның рухани өмірінің көптеген аспектілерін қамтитын кең контекстегі қатынастар жүйесі.

Осы негізде, Ғ. Есім жақында ғана жарыққа шығарған «Мұң» романында «Балаға есім беру – рухани сабақтастық. Бұл парасатты адамдар түсінігі. Адам есімімен бірге рух жүреді. Рух – есім арқылы білінеді. Құнанбай баласына азан шақырып «Ибрахим» деп ат қойды. Ол бағзы замандағы Абраамның мұсылманша есімі. Пайғамбар есімі. Әжесі Зере оны еркелетіп, «Абай» деп атады. Ол да тегін емес. Шыңғысханның Абайхан деген ұрпағы болған. Көне көз Зере, сірә, оны білген. Асыл немересінен үміт күтіп Абай деген. Заманы келе, Абай өз халқының рухани көсеміне айналды, хакім атанды. Хакім адасқан жұртты жөнге салушы, елді апаттан сақтаушы тұлға» (Есім, 2022: 418) – дей келе, рух ұғымының сабақтастығын, болашақ ұрпағынан үлкен үміт күтетіндігін, рухани тұрғыдан толық жетілген текті ұрпақ болатындығын жеткізеді. Расында бүгінгі күнгі Хакім Абай сияқты тұлғалар сияқты жол бастаушылар рухани жатсынуды болдырмаудың немесе шешу жолдарын тиімді көрсетер ме еді?!

А.А. Хамидов өз зерттеулерінде руханилықты адамның ішкі жан-дүниесімен және дүниетанымымен байланыстырып көрсеткен болатын (Хамидов, 2007: 129). Қандай қоғамда болсын, руханилықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі адамның жақсылық пен адамгершілікке деген ұмтылысы екені анық. Ал, керісінше, ішкі жылусыз әрекеттерде көрінетін қатыгездік адамның рухани жұтаңдығын білдіретіндігін байқаймыз.

Қазақ руханияты туралы зерттеулердің бірінде І. Ерғали «Руханилық дегеніміз – барлық әлемге эквивалентті адамның универсуммен бөлінбейтін үйлесімділіктер бірлігі» – деп тұжырымдаған болатын (Шәукенова, 2013: 17).

Ж. Алтаев жатсыну мәселесі бойынша «Қазақ философиясы» парақшасында былай деп пікір қалдырған: «Жалпы, қоғамда көбінесе отбасы жоқ, өмірде саяқ жүрген адамдарды ғана жалғыздыққа ұшыраған деген қате пікір қалыптасқан. Әрине, ол өзінше пайымдауды қажет ететін бөлек әңгіме. Ал жалпы жалғыздық деген сөздің өзінің ауқымы кең. Нақтырақ айтсақ, жалғызбасты адам болады және жалғызсырау, қоғамын, ортасын жатсыну сезіміне душар болған адам болады. Екеуі екі түрлі нәрсе. Алдымен, философиялық тұрғыдан зерделер болсақ, К. Маркс «отчуждение» деген терминмен оны адамның әлеуметтік топтан бөлектенуін бейнелеген. Бұл біздің тілімізде жатсыну дегенге саяды.....» (Алтаев, 2015).

Жоғарыда атап өткендей, қазіргі өркендеу заманы мен технологиялық прогресс дәуірінде адам үшін маңызды болатын құндылықтарды таңдау мәселесі туындап жатқандығы белгілі. Рухани жатсынудың аксиологиялық талдауы осы құбылысқа байланысты құндылық аспектілерін қарастыруды қамтиды.

Әр адам игерген әр түрлі құндылықтар жүйелері бар, оны жеке тұлғаның аксиологиялық сәйкестендірілуін қалыптастыру процесі ретінде анықтауға болады. Екінші жағынан, құндылықтардың өзіндік иерархиясы туралы идеялардың кеңеюі байқалады-адамның өзін дәстүрлі әлеуметтік топтармен ғана емес, сонымен бірге жаһандық қоғамға деген көзқарасы. Осы негізде, рухани жатсынуды аксиологиялық талдау арқылы кейбір аспектілерін қарастыра кетуді жөн көрдік.

Жеке автономиялық құндылықтар жайында сөз қозғайтын болсақ, рухани жатсыну өзін-өзі бақылау сезімін жоғалтумен, шешімдерімен және өмір жолымен байланысты болуы мүмкін. Ал, рухани жатсынуды жеңілдететін жеке бостандық пен жауапкершіліктің дамуын ынталандыратын құндылықтар жүйесі екендігін байқаймыз.

Келесі кезекте, рухани жатсыну көбінесе әлеуметтік қолдау мен өзара әрекеттесудің жоқтығымен байқалатын әлеуметтік байланыс құндылықтары. Жақындарға қамқорлық, әлеуметтік байланыс және өзара түсіністіктің дамуына қандай құндылықтар ықпал ететінін бағалауды қамтуы керек. Бұл, рухани жатсынудан шығуға ықпал етуші негізгі құндылықтардың бірі болып табылады.

Адам өміріндегі мағынасыздық немесе айқын мақсаттың болмауы да рухани жатсынуды туындатушы факторлардың бірі болуы мүмкін. Сондықтан да, өмірдің мағынасын тереңнен түсіну, айқын мақсаттар негізінде жеке өсуге ұмтылу рухани жатсынудың алдын алатын құндылықтардың бір көрінісі.

Мәдени құндылықтардың да рухани жатсынудың көрініс беруіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Мәдениеттің қандай аспектілері рухани жатсынуды бәсеңдететін немесе керісінше күшейтетінін ескеруі керек. Төзімділікке және әртүрлілікті құрметтеуге ықпал ететін құндылықтар жүйесі рухани жатсыну деңгейін төмендетуі мүмкін.

Рухани жатсыну контекстіндегі этикалық құндылықтарды бағалай білу де қоғамда қандай әділеттілік, адалдық және мораль принциптері сақталатынын қарастыруды қамтиды. Сондықтан да, этикалық принциптерге негізделген құндылықтар жүйесі рухани жатсынуды азайтуға ықпал етуші факторлардың бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, рухани жатсыну көріністеріне аксиологиялық талдау жасау арқылы, жатсынуға ықпал ететін құндылықтарды тереңірек түсінуге, сондай-ақ қоғамдағы рухани жатсынудың құндылық стратегияларын әзірлеу жолдарын анықтауға мүмкіндік беретіндігін байқадық.

Нәтижелер

Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде рухани жатсыну дегеніміз адамның өзінің жоғары қабілеттері мен интегралды қасиеттерін жоғалту. Рухани жатсыну адамның өзіндік түсіну және өзін-өзі дамытуда рухани бағдарын жоғалтуымен сипатталады.

Қазіргі қоғамда рухани жатсынуға ықпал ететін бірнеше факторлар бар екендігін байқадық:

1. *Тұтыну мәдениеті*: тұтыну мәдениетінің өркендеуі рухани құндылықтарға қарағанда материалдық құндылықтардың басымдылығына әкеп соқтырады. Адамдар өздерінің кім екендігімен емес, бар нәрселерімен сәйкестендіру арқылы өз тілектерінің тұтқыны болды. Бұл рухани құндылықтар мен өмірдің мағынасын біртіндеп жоғалтуға әкелуі мүмкін.

2. *Технологиялық прогресс*: виртуалды шындық, әлеуметтік медиа және үнемі онлайн режимінде болу иллюзия әлеміне апарып, шынайы өмірден алшақтатуы мүмкін, бұл рухани алшақтықты тудыруы мүмкін.

3. *Гиперсекуляризация*: зайырлы қоғамдарда діни нанымдар мен рухани тәжірибелер өз әсерін жоғалтады. Адамдар неге жүгінетінін білмей, рухани бостықты сезінуі мүмкін. Зайырлылық рухани жатсытуда маңызды рөл атқаратындығын ұмытпаған жөн.

4. *Әлеуметтік теңсіздік*: экономикалық және әлеуметтік теңсіздік түсініспеушілік пен алаңдаушылық сезімін тудыратындығы белгілі, бұл рухани жатсынуға ықпал етеді.

Адамдар басқалардың өздеріне қарағанда әлдеқайда көп мүмкіндіктері мен ресурстары бар екенін көргенде, бұл дәрменсіздік пен құлықсыздық сезімін тудыруы әбден мүмкін.

Философиялық тұрғыдан алғанда, адамның жатсыну мәселесі барлық заманда әлемдік болмыста орын алып келгендігі белгілі. Адам өзіне тиесілі руханилық көріністерді өмірдің түрлі салаларында байқатады. Сол себепті, жоғарыда жүргізілген аксиологиялық талдаулар негізінде рухани жатсынуды пәнаралық тұжырым ретінде қарастырудың маңыздылығы зор екендігін байқадық. Осы зерттеу нәтижелері арқылы рухани жатсынудың келесі формаларын анықтауға болады:

1. *Діни рухани жатсыну*: адам жоғары құндылықтарға, құдайға немесе рухани шындыққа деген сенімін жоғалтқан кезде көрінуі мүмкін. Бұл көбінесе сенім дағдарыстарымен және діни байланыстың жоғалуымен байланысты. Мұндай дағдарыстардың себептерін, зайырлылықтың әсерін және әлеуметтік-мәдени факторлардың діни сенімдерді өзгертуіне ықпал етуін зерделеу маңызды.

2. *Моральдық рухани жатсыну*: адам өмірдегі іс-әрекеттері мен таңдаулары өзінің немесе қоғамдық қабылданған моральдық нормалары мен құндылықтарына сәйкес келмейтінін сезінгенде пайда болады. Ар-ождан дилеммаларын, мәдени және әлеуметтік нормалардың моральдық сенімдер мен құндылықтарға деген ұмтылысқа әсерін тереңнен талдай аламыз.

3. *Идентификация және рухани жатсыну*: жеке басын жоғалту немесе өзінен ажырап қалу сезімімен байланысты болуы мүмкін. Бұл өзін-өзі анықтау дағдарысы немесе өз өмірінің мәнін таба алмау ретінде көрініс береді. Әлеуметтік-мәдени факторлардың, жеке тәжірибенің және ішкі қақтығыстардың жеке тұлғаны қалыптастыруға әсерін қарастыра отырып, талдау нәтижелі болады.

4. *Сана және рухани жатсыну*: өзінің ішкі әлемінен және өз ойлары мен сезімдерінен ажырау сезімі ретінде де көрініс береді. Бұл жалғыздық пен оқшаулану сезіміне байланысты көрініс беріп жататындығы белгілі.

Рухани жатсыну формалары мен әсер етуші факторларды қарастыра отырып, рухани жатсыну табиғатының күрделілігіне байланысты оны толығымен еңсеріп шығу мүмкін еместігіне көз жеткіземіз.

Заман ағымының өзгерістеріне байланысты жатсынудың да әртүрлі формалары мен себепші факторлары үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан да, дер кезінде адамның рухани жатсынуын байқамай қалуымыз да мүмкін. Оны дер кезінде еңсеру ұзақ уақытты әрі белсенді күш жұмсауды талап етуі ықтимал. Ұсынылған зерттеу алдағы уақытта бүгінгі заман өзгерістерін, қазіргі таңдағы жан-жақты үрдістерді негізге ала отырып, ғылыми-тәжірибелік тұрғыда жатсыну мәселесінің заманауи көріністерін бағамдауға негіз ретінде әзірленді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, рухани жатсыну қазіргі қоғамдағы адам өміріне әсер ететін өзекті және маңызды философиялық мәселе болып қала береді. Ежелгі ойшылдардан бастап қазіргі зерттеушілерге дейінгі философиялық көзқарастарға тарихи шолу

осы тақырыптың маңыздылығын көрсетеді. Бұл мәселенің маңыздылығы қоғамның эволюциясын және адамның жеке басын түсінудегі өзгерістерді көрсетеді.

Қазіргі әлеуметтік философияның негізгі аспектісі болып табылатын ұлттың рухани құндылықтары мен мәдени мұрасын сақтау мен дамытудың маңыздылығы да атап өтілді. Осылайша, әлеуметтік философиядағы заманауи тәсілдер қазіргі қоғамның ұлттық және жалпыадамзаттық аспектілерін зерттеуге арналған аналитикалық құралдардың кең спектрін ұсына отырып, рухани жатсыну күрделі құбылыс, адамның қоғаммен өзара әрекеттесуі және қоғамның тұрақтылығы мен дамуының маңызды аспектісі екенін зерделедік.

Қазіргі әлеуметтік-философиялық перспектива руханилықты құндылықтар мен мақсаттарды қалыптастыруда шешуші рөл атқаратын адам мен әлем арасындағы байланыс ретінде зерделейтінін бағамдадық.

Рухани байланыстың жеке тұлға мен әлеуметтік динамиканың қалыптасуына мәні мен әсерін тереңірек түсіну үшін философия, әлеуметтану және психология саласындағы зерттеулерді жалғастыру маңызды. Осы зерттеулерді ескере отырып, әртүрлі қоғамда үйлесімді өмір сүруге ықпал ететін құндылықтарды нығайта отырып, рухани жатсынудың стратегияларын жасауға болатындығын зерделедік.

Көзқарастар мен зерттеулердің әртүрлілігіне қарамастан, рухани жатсыну мәселесі өзекті және жан-жақты болып қала береді, бұл жеке тұлға мен әлеуметтік қатынастар саласындағы қазіргі заманғы сын-қатерлерді терең түсіну және шешу стратегияларын әзірлеу үшін қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Авторлардың қосқан үлесі:

Болатбекова Н.Ж. – мақаланың жалпы жазылу идеясын айқындап, тұжырымдамасына, рәсімделуіне, мақаланың барлық бөліктерінің логикалық бір ізділігі мен деректердің дұрыстығына жауап береді.

Адаева Г.А. – мақаланың аңдатпасы мен зерттеу мәселесін ашудағы әдістерді анықтап, зерттеу қорытындысын қадағалады.

Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі:

Arinova O.T. *Philosophical reflections on the phenomenon of virtual reality. Publisher. Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Scientific Research and Experimental Development»* (March 02-03, 2023). London, 2023. 383 p.

Абдильдин Ж. *Собрание сочинений в пяти томах*. Том IV. Практика и отражение. Алматы: Өнер, 2001. 440 с.

Алтаев Ж.А. *Жатсыну мәселесі*. URL: https://vk.com/wall-29417760_6317 (қаралған күні: 19.12.2023).

Бауман З. *Текущая современность*. СПб.: Питер, 2008. 240 с.

- Гегель Г.В. «Феноменология духа» и ее место в истории философской мысли. М.: Соцэкгиз, 1933. 611 с.
- Гегель Г.В. *Феноменология духа*. М.: Наука, 2000. 495 с.
- Есім Ф. *Ебелек философиясы*. ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. 2016, №2 (56). 47-54 б.
- Есім Ф. Мұң. Нұр-Сұлтан: «Академия Абай», 2022. 432 б.
- Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер*. Ұжымдық монография. З.К. Шәукенованың жалпы редакциялауымен. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты 2013. 375 б.
- Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы*. Ұжымдық монография. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. 341 б.
- Маркс К. *Экономическо-философские рукописи 1844 года*. М.: Издательство политической литературы. 1955, 663 с.
- Нысанбаев А.Н. *Глобализация и становление новой философии взаимопонимания*// Философия в контексте глобализации. Алматы: КИЦ ИФиП КН МОН РК, 2009. С. 39-89.
- Платон *Филеб, Государство, Тимей, Критий*. М.: Мысль, 1999. 656 с.
- Платон. *Сочинения: в 4 т.* Т. II. Федр: под общ.ред. А.Ф.Лосева и В.Ф.Асмуса. СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 2007. 626 с.
- Платон. *Сочинения: в 4 т.* III. Ч. II. Письма: под общ.ред. А.Ф.Лосева и В.Ф.Асмуса. СПб.: Изд-во С.-Петербург. Ун-та, 2007. 731 с.
- Платонов Г.В., Косичев А.Д. *Проблема духовности личности // Вестник Московского университета*. Серия 7. Философия. 1998, № 3. С. 16-33.
- Поппер К. *Открытое общество и его враги*. Т. 1: Чары Платона. М.: Феникс, Международный фонд «Культурная инициатива», 1992. 448 с.
- Сейдімбек А. *Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау*. Оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 464 б.
- Скороденок А.В. *Феномен отчуждения в рамках социально-философской концепции М. Кастельса*. Новополюцк: ПГУ, 2019. С. 274-276.
- Тейлор Ч. *Секулярный век*. М.: ББИ, 2017. 967 с.
- Фролова М.И. *Гуманизм Эрнста Блоха и вызовы XXI века*. Человек. 2017, № 5. С. 132-143.
- Хамидов А.А. *Человек и его абсолюты: к архитектонике духовности*. Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. Алматы: Сага, 2007. 128-137 б.
- Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. *Қазақ философиясы тарихы*. Ұжымдық монография. Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. 392 б.

Назгуль Болатбекова^а, Гүлнар Адаева^а

^аЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Проблема духовного отчуждения в современном обществе: философский анализ

Аннотация. Статья направлена на философский анализ проблемы отчуждения с целью содействия усовершенствованию общественного сознания и созданию духовно развитого общества. Отчуждение – это явление, которое постоянно сопровождает развитие общества и человечества в целом, поэтому оно является актуальной философской проблемой в эпоху глобализации, технологического прогресса и изменений в социокультурной сфере. Большое значение имеет именно философский анализ этой проблемы, который позволяет провести комплексное и системное изучение данной проблемы.

В данной статье рассматривается духовное отчуждение как сложная комплексная социально-философская проблема. В противоречивом, изменчивом обществе раскрываются причины и последствия неудовлетворенности человека в той среде, в которой он находится. Ускоренный темп общественной жизни приводит к тому, что современный человек дистанцируется от общества, в котором он живет, в нем зарождаются чувства ненужности обществу, окружающей среде, бессмысленности бытия, в результате чего и актуализируются различные формы духовного отчуждения.

Анализируя взгляды видных представителей разных периодов развития философии по вопросу о духовном отчуждении, в статье дается определение понятию отчуждения посредством разграничения сферы духовности и духовного в человеке. Важно, чтобы человек мог сознательно управлять собой, исходя из своей внутренней сущности, своей духовности. Проблема от-чуждения в современном обществе – утрата духовной связи с собой и окружающей средой – была раскрыта через метод аксиологического анализа, который позволил продемонстрировать, что в эпоху технологического прогресса виртуальная реальность, социальные сети и постоянное присутствие человека в интернете приводят к отречению от реальной жизни, уводя человека в мир иллюзий.

В статье анализируются факторы, способствующие духовному отчуждению, сформулированы ценностные стратегии и программы, направленные на минимизацию духовного отчуждения и создание путей сознательного духовного развития.

Ключевые слова: отчуждение; духовное отчуждение; духовность; общество; ценностные стратегии; аксиологический анализ; формы отчуждения.

Nazgul Bolatbekova^a, Gulnar Adaeva^a

^aL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The problem of spiritual alienation in modern society: a philosophical analysis

Abstract. The article is aimed at philosophical discussion of the topic of alienation in order to contribute to the improvement of social consciousness and the creation of a spiritually perfect society. Alienation is a phenomenon that is constantly accompanied by the development of society, humanity, it is a topical philosophical problem in the era of globalisation, technological progress and changes in the socio-cultural sphere. Philosophical analysis is of great importance, allowing a complex-systemic study of this problem.

The research examines spiritual alienation as a complicated socio-philosophical problem. A contradictory, changing society reveals the causes and consequences of human dissatisfaction with the environment in which they find themselves. In today's rapidly changing society, individuals often experience a sense of disconnection from their environment, leading to a growing prevalence of spiritual alienation. This phenomenon can be attributed to the accelerated pace of social life, which has resulted in modern individuals feeling a growing sense of alienation from society, the environment, and the meaning of existence.

Analysing the views of prominent representatives of different periods of philosophy on the issue of spiritual about alienation, a definition is given by revealing the distinction between the concepts of spirituality and spiritual. It is important that a person can consciously manage himself according to his inner self, to his spirituality. The problem of alienation in the modern society – the loss of spiritual

connection with him/herself and the environment – has been identified by axiological analysis, which shows that in the era of technological progress, virtual reality, social networks and constant presence on the Internet deepen under the influence of the renunciation of real life, taking the human into the world of illusion.

The factors contributing to spiritual alienation are analyzed in the paper, value strategies and programs aimed at minimizing spiritual alienation and creating ways of conscious spiritual development are formulated.

Keywords: alienation; spiritual alienation; spiritual; society; value strategies; axiological analysis; forms of alienation.

References:

Arinova O.T. *Philosophical reflections on the phenomenon of virtual reality*. Publisher. Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Scientific Research and Experimental Development» (March 02-03, 2023). London, 2023. 383 p. [in English]

Abdil'din Zh. *Sobranie sochinenij v pjati tomah*. Tom IV. Praktika i otrazhenie. Almaty: Oner, 2001. 440 s. [in Russian]

Altaev Zh.A. *Zhatsynu maselesi*. URL: https://vk.com/wall-29417760_6317 (karalgan kuni: 19.12.2023). [in Kazakh]

Bauman Z. *Tekuchaja sovremennost'*. SPb.: Piter, 2008. 240 s. [in Russian]

Gegel' G.V. «*Fenomenologija duha*» i ee mesto v istorii filosofskoj mysli. M.: Socjkgiz, 1933. 611 s. [in Russian]

Gegel' G.V. *Fenomenologija duha*. M.: Nauka, 2000. 495 s. [in Russian]

Esim G. *Ebelek filosofijasy*. KazUU Habarshysy. Filosofija serijasy. 2016, №2 (56). 47-54 b. [in Kazakh]

Esim G. *Mun*. Nur-Sultan: «Akademija Abaj», 2022. 432 b. [in Kazakh]

Kazak ruhanijaty: tarihi-filosofijalyk zhane jetnomadeni negizder. Uzhyndyk monografija. Z.K. Shaukenovanyñ zhalpy redakcijalauymen. Almaty: KR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty 2013. 375 b. [in Kazakh]

Kazirgi Kazakstannyn ruhani zhangyruyndagy kazak filosofijasynyn roli men manyzy. Uzhyndyk monografija. Almaty: KR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2020. 341 b. [in Kazakh]

Marks K. *Jekonomichesko-filosofskie rukopisi 1844 goda*. M.: Izdatel'stvo politicheskoj literatury. 1955, 663 s. [in Russian]

Nysanbaev A.N. *Globalizacija i stanovlenie novoj filosofii vzaimoponimaniya*. Filosofija v kontekste globalizacii. Almaty: KIC IFiP KN MON RK, 2009. S. 39-89. [in Russian]

Platon *Fileb, Gosudarstvo, Timej, Kritij*. M.: Mysl', 1999. 656 s. [in Russian]

Platon. *Sochinenija: v 4 t. T. II. Fedr*. pod obshh.red. A.F.Loseva i V.F.Asmusa. SPb.: Izd-vo S.-Peterb. Un-ta, 2007. 626 s. [in Russian]

Platon. *Sochinenija: v 4 t. III. Ch. II. Pis'ma*. pod obshh.red. A.F.Loseva i V.F.Asmusa. SPb.: Izd-vo S.-Peterb. Un-ta, 2007. 731 s. [in Russian]

Platonov G.V., Kosichev A.D. *Problema duhovnosti lichnosti*. Vestnik Moskovskogo universiteta. Serija 7. Filosofija. 1998, № 3. S. 16-33. [in Russian]

Popper K. *Otkrytoe obshhestvo i ego vragi*. T. 1: Chary Platona. M.: Feniks, Mezhdunarodnyj fond «Kul'turnaja iniciativa», 1992. 448 s. [in Russian]

- Sejdimbek A. *Kazak alemi: jetnomadeni pajymdau*. Oku kuraly. Almaty: Sanat, 1997. 464 b. [in Kazakh]
- Skorodenok A.V. *Fenomen otchuzhdenija v ramkah social'no-filosofskoj koncepcii M. Kastel'sa*. Novopolock: PGU, 2019. S. 274-276. [in Russian]
- Tejlor Ch. *Sekuljarnyj vek*. M.: BBI, 2017. 967 s. [in Russian]
- Frolova M.I. *Gumanizm Jernsta Bloha i vyzovy XXI veka*. Chelovek. 2017, № 5. S. 132-143. [in Russian]
- Hamidov A.A. *Chelovek i ego absoljuty: k arhitektonike duhovnosti*. Kazirgi zamangy ruhanilyk maselesi. Almaty: Saga, 2007. 128-137 b. [in Kazakh]
- Shaukenova Z.K., Nurmuratov S.E. *Kazak filosofijasy tarihy*. Uzhyndyk monografija. Almaty: KR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2016. 392 b. [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет

Болатбекова Назгуль Жоламановна – PhD-докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-6680-4509>, nazgul.zholamanovna@mail.ru.

Адаева Гүлнар Аманбековна – философия ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Философия кафедрасының доценті, Қ. Сәтбаев к., 2, 010008, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0001-8537-3567>, kumaen@mail.ru.

Information about authors

Boлатbekova Nazgul Zholamanovna – Ph.D. student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-6680-4509>, nazgul.zholamanovna@mail.ru.

Adayeva Gulnar Amanbekovna – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev st., 010008, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0001-8537-3567>, kumaen@mail.ru.

Сведения об авторах

Болатбекова Назгуль Жоламановна – PhD-докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К.Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-6680-4509>, nazgul.zholamanovna@mail.ru.

Адаева Гүлнар Аманбековна – к.ф.н., доцент, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0001-8537-3567>, kumaen@mail.ru.

Мақала 29.05.2024. редакциясына түсті; 25.06.2024 рецензиядан кейін мақұлданды; 30.10.2024. жұртшылыққа қабылданды.